

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

Патофизиология кафедрасы



СӨЖ

Тақырыбы: Алкоголизм, наркомания және токсикомания.

Орындаған: Абдрахманов Ж.Ш.

203-топ ҚДС

Ерғазина Ж.М. 204топ.

Тексерген: Өмірбаева Э.К.

Қарағанды 2010ж



Кіріспе Жоспары



- 1) Алкоголизм: маскүнемдік.
- 2) Маскүнемдіктің клиникалық көріністері.
- 3) Маскүнемдіктің даму сатылары
- 4) Нашақорлық. Нашақорлық пен уытқорлықтың даму сатылары.

Қорытынды
Пайдаланылған әдебиеттер

Алкоголизм: маскүнемдік.



Маскүнемдік – ішімдікті жиі және ұдайы қабылдаудан қабылдаудан дамидын әлеуметтік, жан-дүниелік және физиологиялық бейімделу үрдістерінің бұзылыстары.

Маскүнемдік 20-29 жастағы жас адамдарда қалыптасады. Еркектер маскүнемдікке 5 есе ұшырайды.

Маскүнемдіктің клиникалық көріністері.

- адамның бет әлпеті әжімделіп, беті домбыққан, қызғылтым б
- мінез-құлқымен тіртібі өзгере
- әлеуметтік жағдайларға бейі



- бұзылады: рухы азаюы, настық, қалай болса солай киіну, отбасылық шиеленістер;
- жұмысқа деген қаблетімен қызығушылығы азаяды, бірге істейтін іріптестерімен қақтығыс
- мастық кезінде жасағандарын ұмытып қалады.

Маскүнемдіктің даму сатылары

- **Бірінші сатысы** 1ден 4жылға дейін созылуы мүмкін.Бұл кезде адам көп ішкенді көтере алады,артық ішсе де құспайды,ұдайы ішкісі келіп тұрады;
- **Екінші сатысында (5-15ж)** ішімдікті көп және күнделікті іше бастайды.ол ішу көңіл-күйінің қобалжуын баспай керісінше қоздырады, жадында сақтау қабілеті жоғалады,ішпеген жағдайда ойлау әрекеттері бұзылады. Есіл дерті ішімдік ішуге ғана ауып тұрады, жұмысқа деген қабілеті жоғалады.

- **Үшінші сатысы (5-10ж)** кезінде ішімділікке төзімділік азаяды. Болар-болмас ішкеннің өзінен қатты масаяды. Ішімдіктің денені сергітетін әсері жоғалады, ол тек адамның жалпы жағдайын ұстап тұруға ғана жарайды. Әрбір ішкеннен кейін істегенін ұмытып қалады. Ұдайы ішуге деген ұмтылыс адамның өмірінің мәніне айналады. Ішімділікке организм төзімділігінің аздығынан, өзінің шамасын дұрыс бағалай алмаудан науқас адам жиі өлімге ұшырайды.



АЛК

ГОЛЬ

Нашақорлық



Нашақорлық ресми түрде есірткілердің қатарына жатқызылатын заттардан туындайтын дерттің түрі. Нашақорлық-психосомати

каның біртектес бұзылыстарына жатады.

Нашақорлық есірткілердің әсерлерінен дамиды. Есірткілер немесе наркоздық заттар (гр.narkotikos-мелшитетін) өздерін ұдайы қабылдауға әуестік дамуына әкелетін табиғи немесе жасампаздық химиялық заттар.

Нашақорлық пен уытқорлықтың даму сатылары.



Бастапқы саты жан-дүниеге әсерлі затқа рухани әуестік дамуымен оны қайталап қабылдағанда көңіл-күйін шаттандырытын оның бастапқы әсері азаюымен сипатталады.

Нашақор бірте-бірте есірткінің дозасын ұлғайтып оның жаңа дозаларын қабылдай бастайды. Бұл саты 2-6 айға созылады.



Соңында неврастениялық және психастениялық синдромдар (науқастың мінезінің қызбалығымен, өзін-өзі ұстай алмаушылығымен, әл-қуатының және ойлау қабілетінің тез шаршағыштығымен, есте сақтау, сезімталдықтың және ұйқының бұзылыстары) байқалады.

Физикалық тәуелділік сатысы. Бұл кезде жан-дүниеге әсерлі заттың белгілі деңгейінде қанда болуына организм бейімделеді. Адамның көңіл-күйінде қобалжу, қанағаттанбағандық, зарығу, айналасындағыларға өшігу сияқты организмде бұзылыстар байқалады.



Нашақор адамның мұрыны бітелуі, жиі түшкіруі, көз жасаурауы, біресе ысынып, біресе қалтырау сезімдері байқалады. Олардың бұлшықеттерінің ауыруы, аяқтарының сіңірлері тартылуы, тәбетінің жоғалуы, құсу, іш өту, асқазаны мен ішектерінің ауыруы дамиды.

Ақырғы саты. Жан-дүниеге әсерлі зат немесе оның өнімдері ағзалармен тіндерде, соның ішінде жүйке тінінде, заттардың алмасуына реттегіш ықпал етеді. Содан физ-қ тәуелділік дамиды. Бұл кезде:

-бұл затты қабылдауда организм көңіл-күйін жадыратпайды.



- адамның бет әлпеті әжімделіп, тез қартайып кетеді, қимылы өзгеріп тәлтіректеп жүреді;
- көптеген ішкі ағзалардың қызметі бұзылады;
- асқорытылудың үдемелі бұзылыстарына;
- тынысалу жеткіліксіздігіне;
- ми мен жүйкелердің бұзылыстарына;
- адамның ойлау қабілеті төмендеуден оның азғындауы т.б. Көріністер байқалады.

Токсикоманиялар(уытқорлықтар)

Токсикоманиялар(уытқорлықтар)-есірткіге жатпайтын заттарды қабылдаудан дамиды. (дәрі-дәрімектер, ішімдіктер, никотин т.с.с.)

Медициналық тұрғыдан нашақорлық пен уытқорлық көпшілік жағдайларда бір-біріне сәйкес келетін түсінік. Олар бір-бірімен ауысуы мүмкін. Мәселен: нашақор артынан уытты заттарға, уытқорлар артынан есірткілерге ауысулары ықтимал.

Қорытынды

Сонымен қорыта келе, адам ағзасына түрлі кері әсерін тигізетін бұл заттарды қолдану, өте қауіпті дертті тудырумен бірге оны өлім жағдайына да алып келеді.

Осы патофизиология пәнінің көмегімен біз сол аурудың пайда болу жағдайларымен себептерін, оның дамуының жалпы заңдылықтарын және сонымен бірге сауығу жолдарын да ұғына аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- www.google.ru/картинка/...
- Әділман Нұрмағамбетұлы 2007ж.

Назарларыңызға

рахмет!!!